

Павлодар облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 мамырдағы "2017 жылға субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы" № 117/3 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 8 қарашадағы № 348/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қарашада № 5697 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығымен бекітілген Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 мамырдағы "2017 жылға субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы" № 117/3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5516 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 мамырда "Регион.kz" газетінде және 2017 жылғы 6 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулыға қосымшасына сәйкес 159, 160, 161, 162-жолдармен толықтырылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіппен:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

осы қаулының Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Қ. Қасеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің
міндетін атқарушы

Д. Тұрғанов

Павлодар облысы әкімдігінің
2017 жылғы "8" қараша

№ 348/6 қаулысына
қосымша

159	Аминокат 10 % тыңайтқышы	Бос (Активті) Аминоқышқылдары -10%, Барлық азот-3%, оның ішінде аммонийлы-0,6%, нитратты-0,7%, органикалық- 1,7%; фосфор (P_2O_5)-1%; калий (K_2O)-1%	литр	2050
160	Келик-К-SI тыңайтқышы	Хелаттық калий (K_2O) -15%, кремний (Si_2O)-10%, хелаттық агент EDTA-2%	литр	2500
161	Атланте Плюс тыңайтқышы	Фосфор (P_2O_5)-18%, Калий (K_2O)-16%, (Р және К калий фосфиты KH_2PO_3 формасында), Салицил қышқылы, Бетаины	литр	2750
162	"Белый жемчуг" сұйық гуминді тыңайтқышы	органикалық зат-46,5 г/л, гумин қышқылы-38,9 г/л, фульво қышқылы-7,6, N -0,14г/л, P_2O_5 -16,7 г/л, K_2O -29,8 г/л, Fe-312 мг/л, CaO-5670 мг/л, MgO-671 мг/л, Co-0,051 мг/л, Zn-0,23 мг/л, Cu-0,30,мг/л, Mn-31,4 мг/л, Mo-0,10 мг/л, Si_2O -631 мг/л, құрғақ қалдық – 84 г/л, күл – 55,8 %, рН-7,2 бірлік	литр	1000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК